

**ЖЕКЕ ҚОР
«ТАБИҒАТТЫ
ҚОРҒАУ ҚОРЫ –
«TASBAQA»**



**ЧАСТНЫЙ ФОНД
«ФОНД ЗАЩИТЫ
ПРИРОДЫ –
«TASBAQA»**

Сарайшық көшесі, 38 нп-2
Астана қаласы, 010017
Z05K6E2, Қазақстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БСН 230640020637

ул. Сарайшық д.38 нп-2,
г. Астана, 010017 Z05K6E2,
Казахстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БИН 230640020637

_____ №02-32 _____

**«Тасбақа бұрышы» мектеп экожобаларының республикалық конкурсының
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Тасбақа бұрышы» республикалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен қорытындыларын айқындайды.
- 1.2. Конкурстың ұйымдастырушысы – «Tasbaqa» табиғатты қорғау қоры ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен бірлесе, ҚР ҒЖБМ ҒК Зоология институтының қолдауымен және халықаралық Crowder-Messersmith Conservation Fund of Nature Forward қорының қолдауымен.
- 1.3. Конкурс 2025–2026 жылдарға арналған ұлттық экологиялық білім беру науқаны аясында, Орта Азиялық тасбақаны (*Testudo horsfieldii*) қорғау мақсатында өткізіледі.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру.
- 2.2. Қазақстан Республикасының табиғатын қорғауға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.
- 2.3. Балаларды, мұғалімдерді және ата-аналарды практикалық табиғатты қорғау іс-шараларына тарту.
- 2.4. Мектептерде экологиялық кеңістіктер құрудың озық тәжірибесін тарату.

3. Конкурсқа қатысушылар

- 3.1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері конкурсқа қатысуға шақырылады.
- 3.2. Қатысушылар – 1–11 сынып оқушылары, педагогтар мен мектеп үйлестірушілерінің жетекшілігімен.

4. Өткізу шарттары

- 4.1. Қатысушы мектеп «Тасбақа бұрышы» – Орта Азиялық тасбақаның өміріне, тіршілік ету ортасына және қорғауына арналған тұрақты немесе уақытша экспозиция жасайды.
- 4.2. «Тасбақа бұрышы» мынадай элементтерді қамтуы мүмкін:
 - суреттер, плакаттар, қолдан жасалған бұйымдар;
 - ақпараттық материалдар, карталар, фотосуреттер;

**ЖЕКЕ ҚОР
«ТАБИҒАТТЫ
ҚОРҒАУ ҚОРЫ –
«TASBAQA»**



**ЧАСТНЫЙ ФОНД
«ФОНД ЗАЩИТЫ
ПРИРОДЫ –
«TASBAQA»**

Сарайшық көшесі, 38 нп-2
Астана қаласы, 010017
Z05K6E2, Қазақстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БСН 230640020637

ул. Сарайшық д.38 нп-2,
г. Астана, 010017 Z05K6E2,
Казахстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БИН 230640020637

_____ №02-32 _____

- шығармашылық мәтіндер (өлеңдер, әңгімелер, ұрандар);
- викториналар, интерактивті тапсырмалар;
- қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі кез келген басқа материалдар.

4.3. Қатысу үшін қажет:

- мектепте «Тасбақа бұрышын» безендіру;
- экспозицияның кемінде 3 фотосуретін әртүрлі ракурстан түсіру;
- бұрыштың жасалу үдерісі мен мақсатын сипаттайтын қысқаша мәтін (250 сөзге дейін) дайындау. Қаланы, мектеп нөмірін, мектеп директоры мен жобаны жетекшілік ететін мұғалімдердің толық аты-жөнін, байланыс телефоны мен пошта мекенжайын көрсету;
- сипаттаманы және фотосуреттерді **2026 жылғы 1 ақпанға дейін** tasbaqa.contest2025@gmail.com мекенжайына жіберу. Хат тақырыбында: «Тасбақа бұрышы» конкурсына қатысу өтінімі» деп көрсету қажет;
- «Тасбақа бұрышы» туралы постты Instagram парақшасында жариялап, конкурс хэштегін #tasbaqa_черепашийуголок және @tasbaqa_kz парақшасын белгілеңіз.

5. Конкурстың өткізілу мерзімдері

5.1. Конкурстың басталуы: **2025 жылғы 1 қазан**
Өтінімдерді қабылдау: **2026 жылғы 1 ақпанға дейін**
Қорытындылар: **2026 жылғы 1 наурыз**
Эксперсия: **2026 жылғы 18 сәуір**

5.2. Нәтижелер @tasbaqa_kz Instagram парақшасында жарияланып, жеңімпаздар электронды пошта арқылы хабарландырылады.

6. Бағалау критерийлері

- Білім беру құндылығы мен ақпараттың дұрыстығы.
- Оқушылардың қатысуы.
- Шығармашылық пен түпнұсқалық.

**ЖЕКЕ ҚОР
«ТАБИҒАТТЫ
ҚОРҒАУ ҚОРЫ –
«TASBAQA»**



**ЧАСТНЫЙ ФОНД
«ФОНД ЗАЩИТЫ
ПРИРОДЫ –
«TASBAQA»**

Сарайшық көшесі, 38 нп-2
Астана қаласы, 010017
Z05K6E2, Қазақстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БИН 230640020637

ул. Сарайшық д.38 нп-2,
г. Астана, 010017 Z05K6E2,
Казахстан
WhatsApp: +7 701 443 42 15
e-mail: tasbaqa.kz@gmail.com
БИН 230640020637

_____ №02-32 _____

- Қоғамға көрінуі және ықпалы (бұрыштың мектепте және одан тыс жерде қаншалықты көрінетіндігі, сондай-ақ оның адамдардың табиғатқа деген білімдері мен көзқарасына қалай әсер ететіні).

7. Марапаттау

7.1. Жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады:

- 1 орын – мини-проектор;
- 2 орын – акустикалық колонка;
- 3 орын – шығармашылық жиынтықтар.

7.2. Барлық қатысушы мектептер сертификаттар алады.

7.3. Жеңімпаздар туралы ақпарат «Tasbaqa» қорының әлеуметтік желілерінде жарияланады.

7.4. Жеңімпаз мектептер екі оқушы мен бір мұғалімді **2026 жылғы 18 сәуірде** Алматы облысында өтетін далалық экскурсияға жіберу мүмкіндігіне ие болады. Экскурсия барысында ортаазиялық тасбақаларды табиғатқа жіберу рәсімі мен марапаттау салтанаты өткізіледі.

7.5. Егер жеңімпаз мектеп далалық экскурсияға және марапаттау салтанатына қатыса алмаса, мектептің сыйлығы мен грамотасы өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы жіберіледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Ұйымдастырушылар ұсынылған материалдарды (фотосуреттер, мәтіндер) авторлықты көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және табиғатты қорғау ұйымдарының сайттарында конкурсты жариялау үшін пайдалану құқығын өздеріне қалдырады.

8.2. Ұйымдастырушы басқа қалалардан келген жеңімпаздар мен оларды ертіп жүретін адамдардың Алматы қаласына дейінгі және кері жол шығындарын өтемейді.

8.3. Алматы облысындағы далалық экскурсияға қатысу тегін ұсынылады.

8.4. Осы Ережеде қарастырылмаған мәселелерді Конкурс ұйымдастыру комитеті шешеді.

8.5. Конкурсқа қатысуға қатысты барлық сұрақтар бойынша жоба үйлестірушісіне WhatsApp телефоны арқылы хабарласуға болады: +7 701 443 4215, Юлия.

Директор



Цаугг Ю.В.